

БЕКІТЕМІН:
Мектеп мемлекеттік мектебі

Шалабаева Ж.С.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру үйімі: Милы бастауыш білім беретін мектебі, «Шұғыла» шағын орталығы

Топ: ересек

Балалардың жасы: 4 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 05.02 - 09.02.2024ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көніл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көніл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа занды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуладын ескерту.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бұрку". Мақсат-міндеттер: жана енбек дағдыларын үрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Өсімдіктерді суару қажеттілігін өз	"Бөлме өсімдіктерінің топырағын қопсыту". Мақсат-міндеттер: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану	"Бөлме өсімдіктерін сұғару". Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құргакшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырактардан қалай тануға болатындығын үрету. Сумен және	"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киоді үйрету; ойыншықтарды тәртіpte ұстау: жуу, кептіру, сұрту және орнына қою. Енбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты	"Оз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; енбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. (енбек дағдылары)

<p>бетінше анықтауға үйрету (топырактың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. (енбек дағдылары)</p>	<p>ережелерін бекіту. Енбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаган табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. (енбек дағдылары)</p>	<p>өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, енбек дағдыларын дамыту. Қоршаган табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамкорлық жасауды тәрбиелеу. (енбек дағдылары)</p>	<p>дамыту. Өз енбегі мен басқа адамдардың енбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (енбек дағдылары)</p>	
<p>«Дүкенші». Мақсат-міндеттер: балаларға мамандықтар туралы түсінік беру. Рольге бөліп ойнауға үйрету және оларды айыра білуге баулу. Ойынның шарты: тәрбиеші дүкенші болып ойнайды. Балалар сатып алушы болады. Балаларға заттың түсін және қай жерде колданылатынын білгізу. (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазак тілі)</p>	<p>«Шаштараз» сюжеттік-рөлдік ойны. Мақсат-міндеттер: балаларды үлкендердің енбегімен таныстыру. Шаштараздың енбегімен таныстырып, оның кызметін атқаруға үйрету. (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Сюжеттік-рөлдік ойын «Тігінші». Мақсат-міндеттер: балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммунактивті дағдыларын арттыру, бір-бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сактау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің енбекін құрастырған заттардан көрме үйымдастыру. (құрастыру)</p>	<p>«Біз құрылышымыз». Мақсат-міндеттер: балаларға құрылыш материалды ұсынамын, үлгі бойынша заттарды құрастыру. Құрастырылған заттардан көрме үйымдастыру. «Мозаика». Мақсат-міндеттер: балаларға әртурлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-киялын дамыту, енбесүйгіштікке тәрбиелеу.</p>	<p>«Дүкен» сюжеттік-рөлдік ойны. Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше дүкенші мен сатып алушының кызметін орындауға үйрету. Бір-бірімен ізеттілікпен сөйлеуге үйрету. (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>
<p>Артикуляциялық жаттығу Мақсат-міндеттер.</p>	<p>Тақпак жаттау Монтер ағай Ағай епті қолымен Жүреді ылғи от беріп. Тарам-тарам жолымен</p>	<p>Монтер ағай Ағай епті қолымен Жүреді ылғи от беріп. Тарам-тарам жолымен</p>	<p>Көрнекіліктер: киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар (ине, метр, қайши, жіп), іс машинасы, жолымен</p>	<p>Санамак Санамактың сан түрін, Кәне, біздер санайық! Онга дейін санды біз Қолымызға алайык! Бірекі, уш Тандайыкшы тұс. Төрт, бес, алты Тату досспыз жалпы. Жеті, сегіз, тоғызы Мынау - коңыр коңыз, Мына саным-он, Кыста кием тон. (сөйлеуді дамыту)</p>

	<p>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және калыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазак тіліне тән "ө,к" дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуга баулу.</p> <p>өс-өс-өс Жігіт болып өс. Ұстаның құралы төс.</p> <p>ка-ка-ка Менде үлкен сака. (казак тілі, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Жүгіреді ток келіп. Көшеде, үйде, кенседе Жүреді ағай шам жағып. Түн ішінде келсе де, Ол жүрген жер жапжарық. Мұзафар Әлімбаев (көркем әдебиет, казак тілі)</p>	<p>киім үлгілері, маталар. (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, казак тілі) Тақпак жаттау Шахтер Шахтерді ел біледі, Оған сарай – жер асты. Көмір казып жүреді, Сорғалатып тер ашы. Бала оқитын зәулім үй Қалмауы үшін сұнып, Үйіп көмір тауды ылғи, Береді ол жылышык. С.Мәуленов (көркем әдебиет, казак тілі)</p>	<p>Ойын атрибуттары: мозаика ойыншықтары. Ойынның барысы: тәрбиеші мозаика бейнеленген көрнекіліктерді (ойыншыкты) көрсетіп, бұл-мозаика деп аталатынын, одан геометриялық пішіндер, заттар құрастыруға болатынын айтады. Балаларға өнеркәтердің түсі үйлесімділігіне көніл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)</p>
Ертеңгілік жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен)</p> <p>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны колмен ұстау.</p> <p>1-таяқшаны алға созу; 2-оң қолды төмен түсіріп, сол колдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру; 3-таяқшаны алдыға созып ұстау; 4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны он колға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру; 5-таяқшаны алдыға созып ұстау; 6-бастапқы қалыпка келу.</p> <p>Бастапқы қалып: аяқтын арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұстау.</p>			

1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу;
 3-4- бастапқы қалыпқа оралу.
 Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.
 1-он аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау;
 2-сол аяқты оның қасына алып келу;
 3-он аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау;
 4-сол аяқпен артқа бір адым жасау.
 Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру.
 1- таяқшаны жоғары көтеру;
 2-онға иілу;
 3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру;
 4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады.
(дene шынықтыру)

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Алуан-алуан кәсіп" тақырыбында әнгімелесу. (сөйлеуді дамыту, коршаган ортамен танысу)	Мамандықтар туралы тақпактар жаттау. Құрылышы Колда темір қалағым, Саздан сарай қаладым. Алматыдан аумайтын Эсем қала саламын. Ш.Садыханов (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Мамандықтардың құралдары суретіне қарап әнгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, коршаган ортамен танысу)	Мамандықтарға байланысты дидактикалық ойындар ойнау. (сөйлеуді дамыту, коршаган ортамен танысу, қазақ тілі, математика негіздері)	Менің арманымдағы мамандығым. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Доғадан өрмелуе". Мақсат-міндеттер: бір орыннан (кашықтығы 50 см) ұзындыққа секіру (8-10 рет); 6 м қашықтыққа дейін допты жерге ұрып, жүру (2-3 рет) және	Қазақ тілі "Мамандықтар. Диалогтар." Балалардың ұйымдастырылған мамандықтар, олардың кәсіптік ерекшеліктері мен қызметі туралы түсініктерін көңейту.	Дене шынықтыру "Жұлтасып шынығайык". Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында тұрып онға, солға бұрылып секіруге үйрету.	Музыка "Көнілді арбакеш". (кайталау) Мақсат-міндеттер: балаларды арбакеш туралы әннің сипатын ажыратта білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, тыңдай білу	Дене шынықтыру "Мықтылар жарысы". Мақсат-міндеттер: балаларды аяқты бірге қойып секіру; допты бір қолымен кедергі арқылы лақтыруға үйрету.

топпен колын жерге
тигізбей дөгадан
(бінктігі 40 см)
өрмелеп (2-3 рет)
әтуге жаттықтыру.

Балаларды бірнеше
мамандық иелерін
колданатын құрал-
жабдықтары арқылы
ажыратып, атауды
үйрету; диалог
сейлеуді
жаттықтыру; еске
сактау, ойлау
кабілеттерін, көру
және есту арқылы
кабылдауларын,
катынастық
дагылышын дамыту.
Ұйымшылдықка,
әдептілікке, түрлі
мамандық иелеріне
деген құрмет
сезімдерін тәрбиелеу.

Музыка

"Көңілді арбакеш".
Максат-міндеттер:
балаларды арбакеш
туралы әннің
сипатын ажыратып
білуге үйрету; әннің
сөздік мағынасын
түсініп, тыңдай білу
кабілетін
калыптастыру;
ыргактық
кимылдарды музика
әуенімен ілесе
отырып, үйлесімді

кабілетін
калыптастыру;
ыргактық
кимылдарды музика
әуенімен ілесе
отырып, үйлесімді
жасай білуге
дағдыландыру.

		жасай білуге дагдыландыру.			
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауга, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	<p>Аландағы ағаштарды бақылау. (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Максат-міндеттер: балалардың ағаштарды қыс кезінде калпын анықтап, білімін толыктыру.</p> <p>Тапсырма: «Танғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу.</p> <p>Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтактарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету.</p> <p>Балаларды табигатка камкоршы болуына тәрбиелеу.</p> <p>Сұраптар.</p> <p>1. Жапыраксыз ағаштарды қалай атаймыз?</p> <p>2. Жапырактар неге</p>	<p>Қар жинайтын машинаның жұмысын бақылау. (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Максат-міндеттер: адам еңбегін женілдететін машинамен таныстыруды жалғастырып, коршаган орта білімдерін толыктыру.</p> <p>Тапсырма.</p> <p>«Ауланы тазалаушының еңбегін қалай женілдетсем» деген тақырыпқа шағын әнгіме құрастыру.</p> <p>Сұраптар.</p> <p>1. Бұл машинаның аты қалай?</p> <p>2. Ол не істейді?</p> <p>3. Ол карды қалай жинайды?</p> <p>4. Балалар сендер</p>	<p>Саябакқа саяхат. (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Максат-міндеттер: кыстың (нышаны) белгілері туралы балалардың білімін анықтап, толықтыра тусу. Балалардың сөз күрамында: қыс, қар, мұз, аяз, кар қыршиқырши еттеді, жалтырайды, жылтылдайды басқа кыска байланысты сөздер колдану.</p> <p>Балаларды табигаттың қамкоршысы, жанашыры етіп тәрбиелеу.</p> <p>Тапсырма: «Қыс мезгілінің қызығы» атты тақырыпта шағын әнгіме құрастыру, кыстың жағымды, жағымсыз құбылыстары туралы</p>	<p>Күн көзін бақылау. (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Максат-міндеттер: күннің көзін қыс мезгілімен (қыстың басы, ортасы, аяғы) байланыстырып, балаларға барынша мол түсінік беру. Күн кыскарады. 22 желтоқсан ең қыска күн болып есептеледі. Күндіз күн ұясынан көтеріледі, кешке ұясына батады. Күн кыска әрі сүйк. Көленек ұзарды.</p> <p>Көркем сөз.</p> <p>Батар күннің атар таны бар.</p> <p>Қимылды ойын. «Жұп болып эстафета ойының жүргізу». (дene шынықтыру)</p> <p>Максат-міндеттер:</p>	<p>Ауа райының жайсыз жағдайын бақылау.</p> <p>Максат-міндеттер: балаларға ауа райының жағдайын бақылату.</p> <p>Қатты желге назар аудару. Қатты жел әсіресе аклан айында жи болады, ұйтқыған борандар бір жерден бір жерге жөнікіліп жүреді.</p> <p><i>Көркем сөз.</i></p> <p>Қыстың кенже баласы акпанбысын,</p> <p>Аспан астын ораған ак қармысын.</p> <p>Алай-түлей бораның, аязың да, Эппағым-ау, аз-аздан шақтармысын?! Қимылды ойын. «Ұшінші артық».</p> <p>Максаты: шапшандыкка баулу.</p> <p>Енбек. Ауланы кардан тазалау.</p> <p>Максат-міндеттер: құректі пайдалана білуге үйрету.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Ағашта биік,</p> <p>Бір құсты көрдік.</p> <p>Сайрайды сол құс,</p> <p>Сайрайды талмай.</p> <p>Кө-кек, кө-кек,</p> <p>Аты оның содан,</p> <p>Атанған кө-кек.</p>

<p>күзде түсіп қалады?</p> <p>3. Ағаштар бір-біріне немен ұксас?</p> <p>4. Олардың айырмашылығы кандай?</p> <p>Дидактикалық ойын: «Сөзбен суреттеп айт» ағаштың түрін таны.</p> <p>Кимылды ойын: «Ордағы қаскыр». (дene шынықтыру)</p> <p>Максат-міндеттер: секіруге, затты лактыруға жаттықтыру.</p> <p>Еңбек: ағаштардың тубін кармен жабу. (енбек дағдылары)</p> <p>Максат-міндеттер: ағаштың тубін аяздан кардың корғайтынын балаларға түсіндіру.</p> <p>Балаларды табиғатқа камкоршы болуына тәрбиелеу.</p> <p>Жеке жұмыс: шанғымен жаттығулар жасау.</p> <p>Екі аяклеп кезек-кезек онга, солға козғау. (дene шынықтыру)</p>	<p>адам енбегін женілдететін тағы кандай машиналарды білесіндер?</p> <p><i>Коркем сөз.</i></p> <p>Кәне, кімнің бойы ұзын,</p> <p>Паровозы ол пойыздын.</p> <p>Кимылды ойын.</p> <p>«Аншы мен коян». (дene шынықтыру)</p> <p>Максат-міндеттер: нысанага затты лактырып тигізу, жугіру, өрмелеп жоғары шыға білу.</p> <p>Еңбек: гүлзарға, ыдыска түрлі-түсті мұзды катырып қою. (енбек дағдылары)</p> <p>Максат-міндеттер: балалардың эстетикалық танымдарын арттыру. Айналаны әсем етіп көріктендіру.</p> <p>Жеке жұмыс: шанғы</p>	<p>әнгімелеу.</p> <p><i>Коркем сөз.</i></p> <p>Ак кар жауды,</p> <p>Енді аппак жер өні</p> <p>Қардан таулар</p> <p>Көленкесін көреді.</p> <p>Кимылды ойын.</p> <p>«Біз көнілді баламыз». (дene шынықтыру)</p> <p>Максат-міндеттер: тез жугіруге, жүтірген баланы тез ұстап алуға жатықтыру.</p> <p>Жеке жұмыс.</p> <p>Жүтіріп келіп карды алыска лактыруға жатықтыру. (дene шынықтыру)</p> <p>Кім бәрінен алыска лактырса, сол женимпаз.</p> <p>Жұмбактар.</p> <p>Канаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ желеді, Аузы жоқ ұлиды. (боран)</p> <p>Мәтел.</p> <p>Қыстағы кар, жаздағы жаңбыр жерге жауған нұр.</p> <p>Жеке жұмыс: шанғы</p>	<p>шанамен сырғанак тебу.</p> <p>Балаларды бір-біріне эстафетаны беруге үйрету. Жолдасы үшін жанашыр, жақсы жолдас болуга тәрбиелеу.</p> <p>Еңбек. Аққала жасау.</p> <p>Максат-міндеттер: кармен жұмыс істеуге үйрету.</p> <p>Жеке жұмыс: өз киялдарымен әнгіме күрату.</p> <p>Жұмбақ.</p> <p>Танмен көзін ашады, Элемге нұрын шашады.</p> <p>Мақал.</p> <p>Мезгіл жетсе, мұз да ериді.</p>	<p>Ән орындау.</p> <p>Кимылды ойын: денені тік ұстап, жатығуларды дұрыс орындау.</p> <p>Жаңылташтар:</p> <p>Кар аппак, дала аппак-бәрі аппак ...</p> <p>Қыс қыспаса, қыс па?</p> <p>Құс ұшпаса, құс па?</p>
--	--	--	---	---

		<p>тебе білуге үйрету. Шаңғы жолымен сырганап отырып жүру. Жорамал. Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады.</p>			
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, колдарын жуу.				
Балалардын дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Кімнің қолынан не келеді?" диалогтар ойны. Мақсат-міндеттер: балалардын "мамандық" ұғымын қалыптастыру; диалог пен монологтардың сөйлеу түрлері жөнінде мағлұматтар беру; жұмбак пен тақлақ, мақал жөнінде түсінктерді пысықтау; болымсыз етістік туралы ұғымдар қалыптастыру.</p>	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Етікшінің жана кос етігі". Мақсат-міндеттер: балаларды кос етік сұлбасыларын қазактың оюларымен безендіруге үйрету; етіктің коншысына дөңгелек пішінді трафаретті басып, бастырылған дөңгелектің үстіне "мүйіз" оюын салу техникасын қалыптастыру.</p> <p>Ұлттық ойын. Аударыспақ «Аударыспақ» — өте көне дәүірден келе жатқан казак халқының ұлттық спорт ойыны.</p>	<p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Аспаздың кесу тақталары". Мақсат-міндеттер: балаларда "реттік сан" ұғымын қалыптастыру; геометриялық пішіндердің қасиеттері жөнінде білімдерін толықтыру.</p> <p>Коршаған оргамен танысудан ойын-жаттығу "Мамандықтың бәрі жақсы". Мақсат-міндеттер: балаларды мамандықтар таныстыра отырып, оларды көркем шығармашылыққа жағдай туғызу.</p>	<p>Жапсырудан ойын-жаттығу "Абзал жан - дәрігер". Мақсат-міндеттер: қағазбен қайшымен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру.</p> <p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Мен дәрігер боламын". Мақсат-міндеттер: балаларды "Мен дәрігер боламын" өлеңімен таныстыра отырып, оларды көркем шығармашылыққа баулу және жатқа айтқызу; сахналау арқылы дәрігердің кимылдары мен</p>	<p>Коршаған оргамен танысудан ойын-жаттығу "Жануарлар емшісі (мал дәрігер)" Мақсат-міндеттер: балалардың жануарлардың қысқы тіршілігі туралы білімдерін кенейту, жануарлардың қысқы дайындықтары туралы түсінік беру.</p> <p>Сюжетті-ролдік ойын "Жас экологтар". Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлыштыру. Элеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадактау, ойын сюжетіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сактауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлыштыру. Ойын барысы. Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге</p>

	<p>«Аударыспак» – қазақ халқының арасында кеңінен таралған ойын. Балалар екі жақ басы берік тұғырга бекітілген биіктігі бір-біr жарым метрдей (балалардың жасына қарай), ұзындығы 70-80 сантиметрдей ағаш аттарға мінеді. Біr-біrіne қапталдас орналаскан ағаш аттардың ара қашықтығы екі жақтан созылған қол жететіндей болса жеткілікті. Оларға мінген шабандоз балалар біr- bіrіne қарама-қарсы отырып қол ұстасады. Төрешінің белгісімен біrіn-біrі тартып, не итеріп, әйтеуір кай айласын, не күшін асырғаны карсыласын ағаш аттан аударып тусуі шарт. Аяқты жерге ағаш атқа тіреуге болмайды. Онда ойын шарты</p>	<p>оларды ажыратып, атай біlуге үйрету.</p>	<p>сөздерін айтуда жаттықтыру.</p> <p>Қимылды ойын. Допты ұстап алу Жүргізушіден басқа балалардың бәrі шенбер құрап тұрады. Балалар допты біr-біrіne береді. Жүргізуі шенбердің сыртында жүреді. Ол допқа қолының ұшын тигізуге тырысады. Егер қолын тигізсе, сол кезде допты ұстап тұrған ойыншымен орын алмасады. Ал, ойыншы шенбердің сыртына шығады. Ойын қайталаңады. Ойын ережесі: балалар допты біr- bіrіne берген кезде орнынан шығып кетпеуі тиіс.</p> <p>Жүргізушінің шенбер ішіне кіруіне тыыйым салынады. Допты қалаған бағытқа қарай беруге болады. Біraқ оны тек жанында тұrған</p>	<p>плакаттар, экологтың жұмысы жайлар кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлар біlімдерін бекіту, эколог маманының қызметінің маңызы неде екені жайлар талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сыналасы); экологиялық жағдайды қалыпта келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотога түсүмен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге корытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>
--	---	---	---	---

		бұзылады. Ойын аланының айналасына күм немесе жұмсак кілем төсделуі керек. Қай топ женсе сол топ жеңімпаз атанады. (дene шынықтыру)		балага гана береді. Ойын басталған кезде доп жүргізуші тұрған тұстан бастап беріледі. (дene шынықтыру)	
Балалармен жеке жұмыс	Дәрігер Дәрігермін мен деймін, Кәрі әжемді емдеймін. Көп-көп ішіп дәріні Кәрілікті жен деймін. (коркем әдебиет)	Артикуляциялық жаттығу. «Сагат» - тілді жінішкеертіп ұстап онға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек. «Санырауқұлак» - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау. (сойлеуді дамыту)	Балалардың көлемді пішіндер мен карапайым композицияларды мүсіндеуге кызығушылығын арттыру. (мүсіндеу)	Театрды сахналау. "Екі аяз" ертегі желісін маскалармен саханлау. (коркем әдебиет)	Диалогтар ойыны. "Мамандықтар туралы жұмбақтар". Мақсат-міндеттер: балалардың мамандықтар туралы білімдерін пысықтау, тиянақтау, коммуникативтік қабілеттерді жетілдіру. (сойлеуді дамыту)
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кенес)	Баяндама: «Бала дамуына керекті ойындар».	Айна бір рет отбасы күнін өткізу.	«Баланызben қандай ойындар ойнайсыз?» сауалнама.	Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуларын ескеरту.	«Теледидардан балаларға арналған қандай бағдарламаларды қарайсыздар?»